**2024-2025 оқу жылында**
**жаратылыстану-математика пән мұғалімдерінің**
**әдістемелік бірлестігінің**
**жылдық жүргізілген жұмыстарының**

# ЕСЕБІ

**Әдістемелік бірлестіктің тақырыбы:**

«Жеке тұлғаны,танымдық қабілеттерін дамыту-білім сапасын арттыру жолы»

**Әдістемелік бірлестіктің мақсаты:**

Педагог мамандардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін арттыруда, білім беруді жаңашыл жетістіктерін пайдаланып,оқушыларға нәтижелі білім беру.

**МІНДЕТТЕРІ:**

- Әдістемелік нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;
- Жас мамандардың кәсіптік шеберлігін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, насихаттау және тарату;
- Оқыту нысандары мен әдістерін енгізуде шығармашылық топ жұмысын ұйымдастыру;
- Мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық іс- әрекетін қалыптастыру;
- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бағытында әдістемелік оқулар, апталықтар, онкүндіктер, байқаулар, ғылыми- әдістемелік, ғылыми- практикалық конференциялар, т.б. өткізу;
- Мұғалімдердің жүйелі түрде біліктілігін жетілдіру;
- Мұғалім қызметін сараптау.

**БАҒЫТТАРЫ:**

- Оқытудың сапасын арттыру;
- Педагогикалық білім деңгейін көтеру;
- Инновациялық технологияларды меңгерту.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ–ны қолдану, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін сабақ өткізу барысында қолдануды жүзеге асырды.

Биылғы оқу жылында бірлестікте 7 мұғалім қызмет етеді. жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігіне физика, математика, информатика, биология, география, химия және дене шынықтыру пәндері кіреді.

Г.Б.Батаева –педагог-сарапшы математика және информатика пәні мұғалімі;
У.К.Батаев – педагог-сарапшы, математика және информатика пәні мұғалімі;
С.Д.Кульжанов – модератор, география пәні мұғалімі;
Кульжанова А.М. –педагог-сарапшы, математика пәні мұғалімі;
Аузарова У.И.- педагог , информатика пәні мұғалімі;
Р.Қ.Қыдырмин –педагог-зерттеуші, дене шынықтыру пәні мұғалімі;
Бүркітбаева А. педагог- модератор биология,химия пәндерінің мұғалімі;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының, Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының жалпы орта білім берудің мемлекеттік міндетті стандарты математика, информатика, физика, химия, география, биология және дене шынықтыру пәндері бойынша толығымен орындалды. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру барысында көз жеткіздік. Оқу бағдарламасы, оқу жоспары, жаңартылған білім беру бағдарламасы т.б. құжаттарды СМК-дан алып өз іс-тәжірибемізде пайдаланып отырмыз.

Мектебімізде биыл барлық 1-9 сыныптар жаңартылған бағдарламамен, штаттық режимде оқыды.

Критериалды бағалау, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу, сабақ жоспарын әзірлеу, білім сапасын арттыруда тиімді әдістер мен тәсілдер бойынша мұғалімдермен, ата-аналармен жүргізілген іс-шараларға тоқталсақ сабақ беретін пән мұғалімдерімен іс-тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар, сабақтар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Тамыз айында бірлестік мұғалімдеріне нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқаулықтармен, сонымен қатар Тайынша ауданы аумағында арналған оқу процесін ұйымдастыру» бойынша әдістемелік нұсқаулықтармен таныстыру, дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын дайындау, факультатив пен үйірме сабақтардың жоспары, мектеп олимпиадаларын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында Мектеп психологы «Оқушының жеке қабілетін дамыту – оқушының танымдық белсенділігін арттыру негізі» барысында баяндама оқыды және бірлестік мүшелерімен тренинг өткізді.

Қаңтар айында Жаратылыстану пәндер сыр шертеді-атты жаратылыстанубірлестігініңматематика,физика,информатика,география,

биология, химия пәндерінің Апталығы өткізілді.Апталықта ашық сабақтар,семинар сабақ,интеллектуалды сайыстар,зертханалық тәжіриебелер,дебат ойыны өткізілді. 2024-2025 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 9 сынып оқушылары: Серикпаева Айгерім және Дәулетбек Айтуар биология, география пәндерінен қатысып обыстық кезеңге өтіп Петропавл қаласына барып, қатысып келді, және т.б. көптеген өткізілген сайыстарда мектебіміздің оқушылары қатысып, өздерін сынады.

Интелектуалды сайыстарға,дебат ойынына квест ойынына белсенді қатысқан сыныптар мен оқушылар грамоталар мен сыйлықтармен марапатталды.

Әр тоқсанда бақылау жұмыстары, сарамандық зертханалық жұмыстар жоспар бойынша алынып отырды. Әр тоқсанның соңында сыныптардан БЖБ мен ТЖБ жұмыстары алынып, бағалары қойылып, әр сынып бойынша талдау жұмыстары жасалды.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, проектор тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп біледі жаратылыстану әдістеме бірлестігі.

Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында, жоспарға сәйкес, апталық жоғарғы әдістемелік деңгейде, ұйымдасқан түрде өткізілді. Мұғалімдердің көбісі жақсы ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетіп, мерекелік шығармашылық жағдай қалыптастырды. Оқушылар әр түрлі пәндерден жақсы білімдерін көрсетті, өздерінің білімдерін әр түрлі жағдайда қолдана білді, бір-біріне қолғабыстарын тигізді, күрделі сұрақтардың қиын жауаптарын тапты.

Әр мұғалімнің әдістемелік шеберханасы әр тоқсандағы әдістеме бірлестігінің отырысында жүйелеу әдісі қаралып, баяндамалар тыңдалып, талқыға салынып, кеңестер беріліп, мониторингтер сарапталып отырады.

Пән мұғалімдері әрбір оқушыны шығармашылыққа баулуға, баланың дара қабілеттерін ашуға көңіл бөледі. Дарынды бала – бұл болашақта жаңа технология шығарушы, әділ саясаткер, рухы биік адам, бұл – ұлттық құндылық. Пән мұғалімдеріне дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын жүйелі түрде жасап, оқушыларды пәндік олимпиадалардан, ғылыми жобалардан және конкурстарға қатыстырып, жүлделі орын алуларына ұсыныс айтылды.

Әдістеме бірлестіктің төрағасы Кульжанов С.Д.